



«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық
есептілік (аудит жүргізілмеген)**

2025 жылғы 31 наурыз

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	1-2
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	4
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	5-6

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1	Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі	6
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері.....	7
3	Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар	9
4	Сегменттер бойынша ақпарат	10
5	Байланысты тараптардың есептері мен операциялары	13
6	Негізгі құралдар	16
7	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар.....	17
8	Өзге де ұзақ мерзімді активтер	18
9	Тауар-материалдық қорлар	19
10	Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек.....	19
11	Өзге де қысқа мерзімді активтер.....	20
12	Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері.....	20
13	Капитал	21
14	Қарыздар.....	21
15	Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек.....	22
16	Түсім	23
17	Сатудың өзіндік құны.....	24
18	Сату бойынша шығыстар.....	24
19	Жалпы және әкімшілік шығыстар	24
20	Қаржылық кірістер	25
21	Қаржылық шығыстар	25
22	Табыс салығы бойынша шығыстар	25
23	Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер.....	26
24	Әділ құн туралы ақпаратты ашу	27
25	Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар.....	28
26	Бір акцияның теңгерімдік құны	28

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен		2025 ж. 31 наурыз	2024 ж. 31 желтоқсан
		Ескертпе (аудит жүргізілмеген)	
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	979,297,914	942,767,009
Инвестициялық меншік		109,246	110,460
Материалдық емес активтер		5,817,181	5,545,328
Пайдалану құқығы түріндегі актив		2,860,117	2,989,995
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	7	96,513,858	86,870,510
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	8	150,975,885	137,821,244
Барлық ұзақ мерзімді активтер		1,235,574,201	1,176,104,546
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	9	30,364,518	29,035,568
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	10	102,852,878	74,709,533
Өзге де қысқа мерзімді активтер	11	33,680,496	29,493,131
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		8,767,432	9,991,326
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	12	82,237,342	94,952,295
Барлық қысқа мерзімді активтер		257,902,666	238,181,853
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		1,493,476,867	1,414,286,399

Басшылық атынан 2025 жылғы 13 мамыр қол қойылған.

Камалов Алмасби Низамәддинұлы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»
 департаментінің директоры – Бас
 бухгалтер

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен		2025 ж. 31 наурыз Ескертпе (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	13	507,435,225	507,435,225
Өзге резервтегі капитал		135,486,167	135,136,936
Бөлінбеген пайда		176,123,592	127,401,285
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		819,044,984	769,973,446
Бақыламайтын акционерлер үлесі		2,946,065	2,829,134
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		821,991,049	772,802,580
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві		26,405,229	26,900,279
Өзге резервтер		4,030,672	4,030,672
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		2,367,124	2,689,601
Қарыздар	14	271,452,413	289,404,650
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер		4,151,955	2,364,069
Ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелері	7	1,273,502	1,347,020
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		75,218,557	75,713,682
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		384,899,452	402,449,973
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві		960,747	908,290
Қарыздар	14	103,884,391	83,693,750
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		352,383	348,190
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	15	159,636,690	138,857,112
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек		13,811,263	8,684,278
Өзге резервтер		4,843,000	4,843,000
Қысқа мерзімді жалдау бойынша міндеттемелер		800,216	859,584
Төлеуге бөлінген табыс салығы		2,297,676	839,642
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		286,586,366	239,033,846
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		671,485,818	641,483,819
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		1,493,476,867	1,414,286,399
Бір жай акцияның баланстық құны	26	117,397	110,361

Басшылық атынан 2025 жылғы мамыр қол қойылған.

Камалов Алмасби Низаматұлы БСН/БИН
Экономика және қаржы жөніндегі
тең басқарушы директор 070543008164



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
«Бухгалтерлік және Салық Есебі»
департаментінің директоры – Бас
бухгалтер

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген) *
Түсім	16	169,755,123	149,984,932
Сатылымдардың өзіндік құны	17	(106,450,396)	(92,514,979)
Жалпы пайда		63,304,727	57,469,953
Сату бойынша шығыстар	18	(2,791,104)	(2,573,951)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	19	(5,051,936)	(4,098,523)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың кірістеріндегі/(шығындарындағы) үлесі	7	9,522,297	4,955,773
Активтердің құнсыздану (шығындары)/құнсыздануын қалпына келтіру кірістері(таза)		(771,600)	(263,920)
Қаржылық кірістері	20	3,305,246	1,561,047
Қаржылық шығыстар	21	(8,973,662)	(6,703,977)
Өзге кірістер		1,116,918	419,334
Өзге шығыстар		(59,818)	(79,958)
Салық салғанға дейінгі пайда/(шығын)		59,601,068	50,685,778
Табыс салығы бойынша шығыстар	22	(10,738,381)	(9,853,482)
Кезеңдегі пайда/(шығын)		48,862,687	40,832,296
Өзге де жиынтық (шығын)/кіріс (Қайта жіктеу салдарынан пайдалар немесе шығындар құрамына жатпайтын баптар)			
Еңбек қызметін аяқтау бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		349,231	100,481
Кезеңдегі барлық жиынтық пайда /(шығын)		49,211,918	40,932,777
Тиесілі пайда:			
Топ акционерлеріне		48,722,307	40,716,127
Бақыланбайтын үлесіне		140,380	116,169
Кезеңдегі пайда/(шығын)		48,862,687	40,832,296
Тиесілі барлық жиынтық кіріс/(шығын):			
Топ Акционерлеріне		49,071,538	40,816,608
Бақыламайтын үлеске		140,380	116,169
Кезеңдегі барлық жиынтық кіріс/(шығын)		49,211,918	40,932,777

* - Жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды сатып алуды көрсету үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелді (2-ескертпе).

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	Топ акционерлеріне тиесілі				Бақылмайтын үлес	Барлық капитал
		Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы		
2024 ж. 1 қаңтардағы қалдық		443,567,998	124,986,598	69,051,939	637,606,535	2,368,160	639,974,695
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды сатып алудың әсері*		-	42,385,856	9,555,668	51,941,524	-	51,941,524
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық (қайта есептелген)*		443,567,998	167,372,454	78,607,607	689,548,059	2,368,160	691,916,219
Кезеңдегі пайда/(шығын) (аудит жүргізілмеген)		-	-	40,716,127	40,716,127	116,169	40,832,296
Өзге жиынтық шығын (аудит жүргізілмеген)		-	100,481	-	100,481	-	100,481
Барлық жиынтық пайда/(шығын) (аудит жүргізілмеген)		-	100,481	40,716,127	40,816,608	116,169	40,932,777
Акционерден алынған несиелер бойынша дисконт		-	1,345,614	-	1,345,614	-	1,345,614
2024 ж. 31 наурыздағы қалдық (аудит жүргізілмеген)		443,567,998	168,818,549	119,323,734	731,710,281	2,484,329	734,194,610
2025 ж. 1 қаңтардағы қалдық		507,435,225	135,136,936	127,401,285	769,973,446	2,829,134	772,802,580
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	48,722,307	48,722,307	140,380	48,862,687
Өзге жиынтық шығын (аудит жүргізілмеген)		-	349,231	-	349,231	-	349,231
Барлық жиынтық пайда (аудит жүргізілмеген)		-	349,231	48,722,307	49,071,538	140,380	49,211,918
Еншілес ұйымның шығарылуы		-	-	-	-	(23,449)	(23,449)
2025 ж. 31 наурыздағы қалдық (аудит жүргізілмеген)		507,435,225	135,486,167	176,123,592	819,044,984	2,946,065	821,991,049

* - Жалпы бақылаудағы кәсіпорындарды сатып алуды көрсету үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелді (2-ескертпе).

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп
(аудит жүргізілмеген)**

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2025 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)*
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Ақша қаражатының түсімі, барлығы		208,270,697	169,740,153
Өнімдер мен тауарлар сату		141,678,595	98,865,206
Қызметтерді іске асыру		7,823,079	10,647,154
Алынған аванстар		55,505,416	57,723,030
Несиелік мекемелердегі қаражат және қаржылық активтер бойынша сыйақы алу		2,659,446	1,499,320
Өзге де түсімдер		604,161	1,005,443
Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы		(172,203,902)	(138,915,033)
Өнім берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер		(101,368,312)	(82,249,366)
Берілген аванстар		(23,971,707)	(18,051,420)
Жалақы бойынша төлемдер		(21,004,292)	(17,287,295)
Алынған заемдар бойынша сыйақы төлеу		(4,490,637)	(2,865,363)
Қаржылық жалдау бойынша сыйақы төлеу		(8,628)	(9,207)
Корпоративтік табыс салығы		(8,518,065)	(6,852,985)
Бюджетке төленетін басқа төлемдер		(10,878,118)	(9,405,661)
Өзге төлемдер		(1,964,143)	(2,193,736)
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат		36,066,795	30,825,120
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Ақша қаражатының түсімі, барлығы		276,105	12,827,245
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		3,692	-
Банктік салымдардың қайтарымы		-	500
Кредиттік мекемелердегі облигациялар мен қорлар бойынша түсімдер		259,950	12,826,745
Қарыз құралдарын сатудан түскен түсімдер		12,463	-
Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы		(43,379,728)	(46,225,533)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(42,515,171)	(33,314,199)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(743,506)	(53,773)
Қарыз құралдарын сатып алу		-	(12,826,745)
Банктік салымдарды орналастыру		-	(29,149)
Акционерлік қоғамдар мен бірлескен кәсіпорындардың меншік үлесін өзгертпей жарғылық капиталға салымдар		(121,051)	(1,667)
Инвестициялық қызметте (пайдаланылған) таза ақша қаражаты		(43,103,623)	(33,398,288)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Ақша қаражатының түсімі, барлығы		9,707,050	32,745,059
Қысқа мерзімді заемдар бойынша алынған түсімдер		9,221,810	29,680,204
Ұзақ мерзімді заемдар бойынша алынған түсімдер		485,240	3,064,855
Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы		(15,396,220)	(36,769,826)
Қысқа мерзімді заемдар бойынша негізгі борышты төлеу		(6,786,148)	(28,995,111)
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу		(4,663,376)	(7,451,273)
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар (облигациялар) бойынша негізгі қарызды өтеу		(1,736,828)	-
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер бойынша негізгі қарызды өтеу		(223,476)	(318,642)
Басқа төлемдер		(1,986,392)	(4,800)
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақшалай қаражат		(5,689,170)	(4,024,767)
Ақшалай қаражаттың құнсыздануына резервтың өзгеруі		57	1,403
Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына валюта айырбастау курсының өзгеруінің ықпалы		10,988	(304)
Ақшалай қаражаттың таза артуы		(12,714,953)	(6,596,836)
Кезең басындағы ақшалай қаражаттары	12	94,952,295	44,662,406
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттары	12	82,237,342	38,065,570

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы аралық есеп 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үшай үшін және өткен жылдың ұқсас кезеңі тікелей әдіспен жасалды.

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі

Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес компаниялары (бұдан әрі бірлескен атауы «Топ») үшін 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға арнап ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылғы 18 сәуірде құрылған және 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасының энергетикалық кешені кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылған.

2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қоғамның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы тарабы болып табылады.

Негізгі қызмет

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіру, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су және жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу және пайдалану, сондай-ақ су электр станцияларының мүлтік кешендерін беру болып табылады.

Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар», «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы», және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі заңдарымен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түрлеріне байланысты тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 160 «Энергия өндіруші ұйымдар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен және кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге белгіленген тарифтер тіркелген және ЖЭК технологиясына қарай (жел, күн және басқа электр станциялары үшін өз алдына бөлек) ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 «Тіркелген тарифтерді бекіту туралы» қаулысымен бекітілген, сондай-ақ жыл сайын индекстеуге жатады. Мұның үстіне есептеу-қаржы орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде. Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу мен бөлуге, жылу энергиясын өндіруге белгіленген тарифтер мен энергиямен жабдықтауға (ЭЖ) бөлінген тарифтерді Комитет реттейді. Комитет реттеу мен бақылау жасауды заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Тарифтер бойынша шешімдерге белгілі бір дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелердің де ықпалы тиеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге салалардағы іс-қимылдары мен шешімдерінің Топтың операциялық қызметіне айтарлықтай ықпалы болуы мүмкін.

Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын

Компанияның бас кеңсесінің мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б Блок.

Операциялық орта

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елдің шегінен тыс бос айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың туындауын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етіп отыр және сол әсерін жалғастыра бермек. 2025 жылғы 31 наурызда шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 504.27 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 499.74 теңге).

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі (жалғасы)

Басшылық ағымдағы жағдайда Топ қызметінің тұрақтылығы мен табысының өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді. Болашақтағы экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі болжам-үміттерінен өзгеше болуы мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үшайға арналған осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік әділ құны бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзетулер енгізе отырып бастапқы құн бойынша бағалау қағидасымен ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды. Аралық қаржы есептілігі әдетте жылдық қаржылық есептілікке енгізілетін барлық ескертпелерді қамтымайды. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС сәйкес дайындалған Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге танысуға жатады. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері табыс салығын есептеуді қоспағанда, соңғы қаржы жылына арналған есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың ережелеріне сәйкес келеді.

Аралық кезеңге арналған табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін күтілетін табыс салығының есептік орташа қолданыстағы мөлшерлемесіне негізделеді.

Операциялардың маусымдығы

Топтың қызметі маусымдық ауытқуға сезімтал. Электр энергиясын беру көлемінің, жылу және электр энергиясын өндірудің ауытқуы қазан айынан сәуір айына дейін созылатын жылыту кезеңімен байланысты.

Айырбастау курсы

2025 жылғы 31 наурызда шетел валютасында көрсетілген қалдықты аудару үшін пайдаланылған айырбастау курсы 1 АҚШ доллары 504.27 теңгені құрайды (2024 ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары 499.74 теңге).

Үздіксіз қызмет қағидасы

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындады.

Таныстырылымдағы өзгеріс

2024 жылғы 2 мамырда Самұрық-Қазына акциялар эмиссиясы есебінен "Шүлбі ГЭС АЭС" ЖШС және "Өскемен ГЭС АЭС" ЖШС (бұдан әрі - "Шүлбі ГЭС" және "Өскемен ГЭС") қатысу үлесінің 100% -н «Самұрық-Энерго» тобына берді (12-Ескертпе). Бұл операциялар кәсіпорындардың жалпы бақылаумен бірігуі болып табылады және алдыңғысының бухгалтерлік кітаптарында көрсетілген Шүлбі СЭС және СЭС ҚК активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны негізінде мүдделерді біріктіру әдісі бойынша ретроспективті негізде ескеріледі. Тиісінше, осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік Шүлбі СЭС және СЭС ҚК акцияларының берілуі неғұрлым ерте ұсынылған кезеңнің күнінде орын алғандай және нәтижесінде өткен есептіліктер үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелгендей ұсынылды. Шүлбі ГЭС және ГЭС ҚК таза активтерінің баланстық құны 2023 жылғы 31 желтоқсанға және 2022 жылғы 31 желтоқсанға өзге резервтер құрамында көрсетілді. Осы операциялардың нәтижесінде топтың акционерлік капиталы 59,730,227 мың теңгеге ұлғайтылды. Шығарылған акциялардың номиналды құны мен Шүлбі СЭС және СЭС ҚК таза активтерінің баланстық құны арасындағы айырмашылық осы аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бөлінбеген пайданың құрамында көрсетілді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Шүлбі ГЭС және Өскемен ГЭС нысандарын сатып алуды ескере отырып салыстырмалы деректерге әсері төменде келтірілген:

Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2024 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)*
Түсім	5,557,599
Сату құны	(1,948,423)
Жалпы пайда	3,609,176
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(306,207)
Қаржы активтерінің құнсыздануын қалпына келтіруден түсетін кірістер, (нетто)	(328)
Қаржылық кірістер	172,681
Қаржылық шығындар	(3,141)
Басқа кірістер	19,331
Басқа шығындар	(3,847)
Салық салуға дейінгі пайда	3,487,665
Табыс салығы бойынша шығыстар	(377,710)
Кезеңдегі жалпы пайда	3,109,955

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

2024 жылдың 31 наурызда аяқталған таза ақша ағындары төмендегідей болды:

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2024 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)*
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты	2,641,065
Инвестициялық	(179,047)
Қаржылық	(1,664,402)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын азайту	4,931,634

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ қолданылған есеп саясатына және есеп берілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалар мен болжамдарды пайдаланады. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар табыс салығы бойынша резервтерді есептеуді және жаңа және түзетілген стандарттарды қабылдауды қоспағанда, 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

Электр энергиясын сатудан түскен түсімді тану

Топ электр энергиясын жеткізу сәтіндегі түсімді электр энергиясын тұтынушылар есептеуіштерінің көрсеткіштерінің деректеріне сәйкес таниды. Санауыштардың көрсеткіштерін тұтынушылар ай сайын ұсынады және Топ ішінара негізде нақтылығын тексереді. Тұтынылған электр энергиясы үшін есеп айырысу рәсімдерінің циклдік нәтижесінде топ есепті кезеңнің соңында электр энергиясының едәуір көлемін сатты, ол үшін тұтынушыларға шоттар берілмеді.

Топ есептеу көрсеткішін соңғы алған сәттен бастап есепті кезеңнің соңына дейін өткізілген электр энергиясы үшін түсімді бағалау негізінде таниды. Топ тәсіліне сәйкес тұтынылған, бірақ есепті айдың соңына шығарылмаған сатып алынған электр энергиясының күнделікті көлемі есептеледі, ол өткізу бағасына көбейтіледі.

Негізгі құралдардың пайдалы пайдалану мерзімі

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімін бағалау ұқсас активтерге қатысты қолда бар тәжірибе негізінде кәсіби пайымдау қолданыла отырып жүргізілді. Осы активтерге байланысты болашақ экономикалық пайда негізінен оларды пайдалану нәтижесінде алынады. Алайда, технологиялық немесе коммерциялық тұрғыдан ескіру, сондай-ақ жабдықтың тозуы сияқты басқа факторлар көбінесе осы активтерге байланысты экономикалық пайданың төмендеуіне әкеледі. Басшылық активтердің ағымдағы техникалық жай-күйін негізге ала отырып және осы активтер топқа экономикалық пайда әкелетін есепті кезеңді ескере отырып, негізгі құралдарды пайдалы пайдаланудың қалған мерзімін бағалайды.

Бұл ретте мынадай негізгі факторлар назарға алынады: (а) активтерді пайдаланудың күтілетін мерзімі; (б) пайдалану сипаттамалары мен техникалық қызмет көрсету регламентіне байланысты жабдықтың күтілетін табиғи тозуы; және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде жабдықтың технологиялық және коммерциялық тұрғыдан моральдық тозуы.

Әкімшілік алдындағы берешек

2009 жылы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЖК») Алматы қаласының әкімдігімен (бұдан әрі – «Әкімдік») АЖК-ның Әкімдік алдындағы берешекті өтеу туралы сот процесіне қатысты. 2014 жылдың 14 ақпанында АЖК мен Әкімдік АЖК-ның Әкімдік алдындағы берешекті реттеу тәртібі туралы бейбіт келісімге қол қойды, бұл ретте, АЖК басқалармен қатар, Әкімдіктің коммуналдық меншіктегі және сенімгерлікпен басқарудағы электр желілерін меншікке қабылдауға, ал Әкімдік АЖК-ның берешегін есептен шығаруға міндеттенеді. 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша бейбітшілік келісімі аясында алдағы жылдар ішінде жүргізілген барлық төлемдерді ала отырып, АЖК-ның Әкімдік алдындағы 5,841,513 мың теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсан: 5,841,514 мың теңге). 2025 жылдың 31 наурыздағы жағдай бойынша, электр желілерін меншікке қабылдау аяқталған жоқ. Топ бұл міндеттеме төлемдерден бастылғанда, яғни бейбітшілік келісім тараптары барлық әрекеттерді орындаған сәтте, атап айтқанда Әкімдіктен электр желілерін меншікке қабылдаған сәтте аталған міндеттемені тануды тоқтатады және міндеттемелерді есептен шығарудан алған табысты таниды. Сонымен бірге, Топ 5,841,513 мың теңге сомасындағы міндеттемелерді есептен шығарудан түскен пайданы таниды.

Акционерге бөлінетін өзге төлемдер

Топ топтың түпкі акционерінің тапсырмасы бойынша Екібастұз ЖЭО нысанын күрделі жөндеу жөніндегі міндеттемелерді акционерге бөлінетін өзге де төлемдер ретінде ескереді (13-Ескертпе)

4 Сегменттер бойынша ақпарат

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын құрамдастарды білдіреді. Мұның үстіне, олар түсімді қозғалысқа келтіре алады немесе шығындармен байланысты бола алады. Сегменттердің операциялық нәтижелерін жоғарғы жедел басқару органы тұрақты түрде талдайды, операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат бар. Жоғарғы жедел басқару органына ресурстарды бөліп, компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе бір топ адам өкіл бола алады. Жоғарғы жедел басқару органының функцияларын Топ Басқармасы орындайды.

Жоғарғы жедел басқару органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат түсім және салық алынғанға дейінгі пайда туралы ақпараттан тұрады. Жоғарғы жедел басқару органы сонымен қатар Топтың EBITDA туралы ақпаратын да талдайды. Ол қаржылық пайда/залал, пайдаға салынатын салықтар бойынша шығыстар, негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы, негізгі құралдардың және инвестициялық меншіктің құнсыздануы, гудвилдің құнсыздануы, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардағы табыстар / (шығындар) үлестерінің құнсыздануы, сондай-ақ басқа осыған ұқсас нәтижелерге дейінгі кезеңдегі пайда/залалдар) және осыған ұқсас әлерлер ретінде есептеледі. Топ бойынша пайыздар, салықтар мен амортизациялық аударымдардың шегенгенге дейінгі табысты анықтау жүйелілігі (EBITDA) басқа компаниялар пайдаланатын жүйеден өзгеше болуы мүмкін.

(а) Әрбір есептік сегменттің сатудан түсім алатын өнімдері мен қызметтерінің сипаттамасы

Топ үш негізгі операциялық сегмент аясында қызмет атқарады:

- Жылу энергиясын және электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын жеткізу және тарату;
- Электр энергиясын сату.

(б) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

Жоғарғы жедел басқару органы әр сегмент қызметінің нәтижелерін түсімді және салық алынғанға дейінгі пайданы бағалау арқылы бағалайды.

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Барлығы	
	аяқталған 3 ай		аяқталған 3 ай		аяқталған 3 ай		аяқталған 3 ай		аяқталған 3 ай	
	2025 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)*	2025 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)*	2025 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)*	2025 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)*	2025 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)*
Қазақстандық мың теңгемен										
Сегменттің жалпы табысы-										
Электр энергиясын сату	93,604,020	82,038,636	-	-	73,548,694	54,120,352	-	-	167,152,714	136,158,988
Сегмент ішіндегі табыс	(39,848,396)	(23,690,624)	-	-	(931)	(809)	-	-	(39,849,327)	(23,691,433)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын сату	53,755,624	58,348,012	-	-	73,547,763	54,119,543	-	-	127,303,387	112,467,555
Жылу энергиясын сату	17,630,588	12,548,058	-	-	-	-	-	-	17,630,588	12,548,058
Электр қуатының дайындығын қолдау қызметінен түсім	16,275,152	14,615,869	-	-	-	-	-	-	16,275,152	14,615,869
Жаңартылатын энергия көздерін жалдаудан алған табыс	2,751,797	2,196,405	-	-	-	-	-	-	2,751,797	2,196,405
Сегменттің жалпы табысы-										
Электр энергиясын беру	-	-	27,198,487	22,015,810	-	-	-	-	27,198,487	22,015,810
Сегмент ішіндегі табыс	-	-	(26,742,382)	(18,342,342)	-	-	-	-	(26,742,382)	(18,342,342)
Сыртқы түсім - Электр энергиясын беру	-	-	456,105	3,673,468	-	-	-	-	456,105	3,673,468
Инвестициялық мүлікті жалдаудан алған табыс	-	-	-	-	-	-	4,446,020	3,927,050	4,446,020	3,927,050
Химиялық суды сату	762,319	400,797	-	-	-	-	-	-	762,319	400,797
Өзге барлығы	138,891	182,441	-	-	-	-	572,176	399,529	711,067	581,970
Сегмент ішіндегі табыс – өзге	(8,244)	(26,711)	-	-	-	-	(573,068)	(399,529)	(581,312)	(426,240)
Сыртқы түсім – өзге	130,647	155,730	-	-	-	-	(892)	-	129,755	155,730
Сыртқы түсімнің барлығы	91,306,127	88,264,871	456,105	3,673,468	73,547,763	54,119,543	4,445,128	3,927,050	169,755,123	149,984,932

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Сегмент ішіндегі операциялар		Барлығы	
	2025 ж. 31	2024 ж. 31	2025 ж. 31	2024 ж. 31	2025 ж. 31	2024 ж. 31	2025 ж. 31	2024 ж. 31	2025 ж. 31	2024 ж. 31	2025 ж. 31	2024 ж. 31
	наурыз (аудит жүргізілмеген) Қазақстандық мың теңгемен	наурыз (аудит жүргізілмеген)*	наурыз (аудит жүргізілмеген)	наурыз (аудит жүргізілмеген)*	наурыз (аудит жүргізілмеген)	наурыз (аудит жүргізілмеген)*	наурыз (аудит жүргізілмеген)	наурыз (аудит жүргізілмеген)*	наурыз (аудит жүргізілмеген)	наурыз (аудит жүргізілмеген)*	наурыз (аудит жүргізілмеген)	наурыз (аудит жүргізілмеген)*
Сатудың өзіндік құны	(80,931,896)	(64,500,032)	(20,086,452)	(16,124,619)	(71,962,229)	(53,899,009)	(371,045)	(265,889)	66,901,226	42,274,570	(106,450,396)	(92,514,979)
- Амортизацияны қоспағанда	15,678,735	13,004,236	2,930,617	2,443,780	17,450	79,216	206,984	156,476	-	-	18,833,786	15,683,708
Сату бойынша шығындар	(2,791,104)	(2,573,951)	-	-	-	-	-	-	-	-	(2,791,104)	(2,573,951)
Қаржылық шығындар	(4,577,269)	(2,930,357)	(430,658)	(392,016)	(286,933)	(375,823)	(6,690,580)	(5,126,085)	3,011,778	2,120,304	(8,973,662)	(6,703,977)
- Пайыздар бойынша шығындарды қоспағанда	3,490,504	1,311,380	305,811	144,600	286,861	350,688	4,187,831	2,935,365	(2,927,496)	(961,559)	5,343,511	3,780,474
Қаржылық табыстар	462,667	777,099	27,079	61,635	155,575	136,145	6,421,749	2,756,194	(3,761,824)	(2,170,026)	3,305,246	1,561,047
Бірлескен кәсіпорындарда және қауымдасқан компанияларда табыс үлесі және инвестициялардың құнсыздануы	-	-	-	-	-	-	9,522,297	4,955,773	-	-	9,522,297	4,955,773
Қаржылық емес активтердің қалпына келтіруі/(құнсыздануы)	1,901	14,913	-	-	-	-	12,650	-	6,683	-	21,234	14,913
Күрделі шығындар	(28,959,278)	(24,067,171)	(13,443,384)	(9,132,731)	-	(58,911)	(112,509)	(55,386)	-	-	(42,515,171)	(33,314,199)
Есептік сегменттің активтері	1,145,313,720	883,059,778	171,569,403	160,841,123	35,663,440	25,996,414	1,006,313,550	742,277,027	(865,383,246)	(636,689,670)	1,493,476,867	1,175,484,672
Есептік сегменттің міндеттемелері	482,382,851	272,397,600	45,033,591	42,408,427	31,393,977	38,797,019	251,960,592	162,025,273	(139,285,193)	(74,320,272)	671,485,818	441,308,047

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(в) Кезеңдегі түзетілген EBITDA-ны кезеңдегі салық салынғанға дейін түскен пайдамен тексеру

Қазақстандық мың теңгемен	2025 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2024 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген) *
Кезеңдегі түзетілген EBITDA	74,559,739	66,541,730
Тозу және амортизация	(18,833,786)	(15,683,708)
Қаржылық кірістер	3,305,246	1,561,047
Қаржылық шығыстар	(8,973,662)	(6,703,977)
Құнсыздану	21,234	14,913
Қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес	9,522,297	4,955,773
Кезеңдегі салық салынғанға дейін түскен пайда	59,601,068	50,685,778

(г) Аса ірі клиенттер

2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай ішінде «Самұрық-Қазына» басқаратын компаниялары үшін Топтың жалпы кірістің сату көлемі 10% -дан астамды құрады. Соңғы жылдық шоғырландырылған есептілікте ашылған өзгерістерден басқа активтер мен операциялық сегменттердің міндеттемелерінде маңызды өзгерістер болған жоқ.

5 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары

Бір-бірімен байланысты тараптардың анықтамасы «Бір-бірімен байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС 24-те келтірілген. Егер тараптардың біреуі басқасын бақылау мүмкіндігіне ие болса, жалпы бақылауда болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауын бірлесіп бақылайтын болса онда тараптар бір-бірімен байланысты саналады. Тараптар бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңдық формасы ғана емес, олардың өзара қатынастарының сипаты да назарға алынады. Бас компания және Компанияның соңғы бақылаушы тарапына 1-ескертпеде анықтама берілген.

Бір-бірімен байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялардан тұрады. Байланысты тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті түрде қолданылатын талаптарға сәйкес қарапайым қызмет барысында жүзеге асырылатын болса, ашып көрсетілмейді: i) олар дербес маңызды болып табылатын жағдайда; ii) егер Топ қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты жағдайда ұсынылатын болса, немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. секілді қызметтер бойынша жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда. Төменде 2025 жылғы 31 наурызда бір-бірімен байланысты тараптардың операциялары бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

